

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктөрінің және Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктөрінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 маусымдағы № 541 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктөрінің және Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктөрінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының

**Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы
арқылы Ресей жүктөрінің және Ресей Федерациясының аумағы
арқылы Қазақстан жүктөрінің тасымалына қолайлы тарифтік
жағдайлар жасау туралы келісімді ратификациялау туралы**

2009 жылғы 20 қарашада Ялтада қол қойылған Қазақстан Республикасының, Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктөрінің және Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктөрінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы келісім ратификацияланын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы
арқылы Ресей жүктөрінің және Ресей Федерациясының аумағы
арқылы Қазақстан жүктөрінің тасымалына қолайлы тарифтік**

жағдайлар жасау туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі ,

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі қәсіпорындарының, мекемелері
мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді
негізге ала отырып ,

1996 жылғы 18 қазандағы Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен келісілген,
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігіндегі
келісілген тарифтік саясат белгілеу тұжырымдамасын және 1993 жылғы 17 ақпанда қол
қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол
әкімшіліктерінің (темір жолдар) тарифтік келісімін басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктерінің және Ресей
Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктерінің тасымалдары үшін қолайлы
тарифтік жағдайлар жасау жөніндегі үйлестірілген іс-қимылдарды жүзеге асыруға
максаты бола отырып ,

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының көліктік әлеуетін
пайдалану тиімділігін арттыруға үмтыта отырып,

Тараптар мемлекеттері қабылдайтын бірыңғай кеден аумағын құру және кеден
одағын қалыптастыру жөніндегі шараларды есепке ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының темір жолдары
арқылы жүк тасымалдау кезінде тарифтерді қолданудың құқықтық негіздерін
айқындаиды.

2-бап

Осы Келісімді орындау жөніндегі құзыретті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
министрлігі ;

Ресей тарапынан - Ресей Федерациясы Көлік министрлігі.

3-бап

Ресей темір жолдарының станцияларынан қазақстандық темір жол станцияларына бағытталатын жүктөрді тасымалдау кезінде, сондай-ақ осы жүктөр тасымалданған өз (жалға алынған) вагондарының бос жүрісі кезінде қазақстандық темір жолдарда Қазақстан Республикасында республикалық (облысаралық) қатынаста қолданылатын тарифтер оларға Қазақстан және Ресей жүктөрі үшін тең жағдайларда айрықша тарифтік ставкаларды белгілей отырып қолданылады.

4-бап

Қазақстандық темір жол станцияларынан Ресей темір жолдарының станцияларына бағытталатын жүктөрді тасымалдау кезінде, сондай-ақ осы жүктөр тасымалданған өз (жалға алынған) вагондарының бос жүрісі кезінде Ресей темір жолдарында Ресей Федерациясында республикалық (облысаралық) қатынаста қолданылатын тарифтер оларға Ресей және Қазақстан жүктөрі үшін тең жағдайларда айрықша тарифтік ставкаларды белгілей отырып қолданылады.

5-бап

Тараптар 1996 жылғы 18 қазанды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен келісілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуши мемлекеттердің темір жол көлігінде келісілген тарифтік саясат белгілеу тұжырымдамасына сәйкес қазақстандық және ресейлік тауар өндірушілер тауарларының үшінші мемлекеттер нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы темір жолдары арқылы транзитпен жүктөрді тасымалдауларға қатысты үйлестірілген тарифтік саясатты жүргізеді.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты дауларды құзыретті органдар консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерін орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап

күшіне енеді және Тараптардың бірі өзінің Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардан еткен күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

Ялта қаласында 2009 жылғы 20 қарашада әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

2009 жылғы 20 қарашада Ялта қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктөрінің және Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктөрінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы Келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан

Сыртқы

Республикасының

істер

министрлігі

Халықаралық - құқық

департаментіндегі

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК